

№6 Хромтау гимназиясы қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттама № 7

Өткізілген күні: 17.05.2019 жыл
Қатысушылар саны: 10

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Білім алушылармен ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы (мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарға рейдтердің қорытындысы);
2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы;
3. Гимназия директорының есебі;
4. 11- сынып білім алушылары үшін өткізілетін аудандық ақылы сынама тесттеріне қатысуы;
5. ҚР БҒМ К.Н.Шәмшадиянованың мектеп бітіру кешін өткізу туралы ұсынысын талқылау;
6. Жазғы демалыс кезіндегі білім алушылардың қауіпсіздігі, демалысын ұйымдастыру;

Қаралды:

Негізгі мәселе бойынша кеңес төрағасы Изтлеуов Ермек:

Білім алушылармен ішкі тәртіп Ережесінің сақталуған. Білім алушылар бірінғай мектеп формасын киенді талапқа сай. Сонымен қатар білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, рейдтер жүргізілді. Мектеп инспекторы, сынып жетекшілер үнемі қадағалап отыр.

Екінші мәселе бойынша Айгүл Түлеуовна:

Білім алушылар мектептегі үйірме, секциялармен қоса, қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірме, секциялармен қамтылған. Үйірмелер уақытылы жүргізіледі. Каникул кездерінде жұмыс жоспарлары құрылып, үйірме, секция жетекшілері түрлі іс-шаралар өткізген. Үйірмеға қатысушылардың жетістіктері де бар.

Үшінші мәселе бойынша гимназия директоры Мукашева Г.О:

Гимназияның ағымдағы жай-күйіне тоқталып, мектепте жүргізілетін жөндеу жұмыстарына тоқталды. Биылғы оқу жылының аяғында аудандық бюджеттен маслихат спорт залды жөндеуге бір миллион теңге, сонымен қатар жылу жүйесін жөндеуге алты миллион бір жүз қырық бес мың бөлінгендіні туралы хабардар етті. Сонымен мектептің ауласында көгалдандыру жұмыстары , оқу жылының аяқталуына дайындық жұмыстарының жүргізіліп жатқандығына тоқталды.

Төртінші мәселе бойынша гимназия директоры Мукашева Г.О :

Гимназия директоры ҰБТ білім алушылар қорытынды аттестаттаудан өтіп, мектеп бітіру құжатын алып болған соң өткізіліп, түлектердің ЖОО түсуі үшін тапсыратын сынағы болғандықтан соңғы кездері АББ тарапынан сынамалық тестілеу жұмысының жүргізілмейтініне тоқтала келіп, алайда ата- аналар мен білім алушылардың тарапынан сұраныс түскендіктен, АББ ҰБТ дейін ақылы түрде бірнеше рет сынамалық тестілеу өткізуді жоспарлап отырғанын хабарлады.

Бесінші мәселе бойынша Омарова Шолпан:

ҚР БҒМ К.Н. Шәмшадиянованың мектеп бітіру кештерінің соңғы кезде бәсекелестікке, ысырапшылдыққа қарай бағыт алып кеткеніне байланысты, жастарды ата- анасының

еңбекпен тапқан қаражатына сыйластықпен қарауына тәрбиелеу қажет екендігі, мектеп бітіру кешінің сән салтанаттан гөрі есте қаларлықтай мазмұнды кеш болуы тиіс деп айтқан ұсынысын жеткізді.

Алтыншы мәселе бойынша Мұқашева Г.О.:

Оқу жылының аяқталуына да азғантай уақыт қалды. Дегенмен жазғы демалысты ұйымдастыру жұмыстары жоспарлануда. Күндізгі лагер жұмысы ұйымдастырылмақ. Сонымен қатар өлкетану жоспарына сәйкес шатырлы лагер, экскурсиялар ұйымдастырылмақ. Барлық сыныптарда ата-аналар жиналыстары өткізіліп, жазғы демалыс кезінде ескеретін қауіпсіздік шараларымен таныстырылды. Білім алушыларға қауіпсіздік шаралары түсіндірілді.









Кеңес төрағасы Изтлеуов Ермек:

Жалпы гимназияда бірталай жұмыстар жүргізілуде. Ендігі міндет білім алушылардың ҰБТ дұрыс тапсыруын, жазғы демалыстың дұрыс ұйымдастырылуын, жөндеу жұмыстарының талапқа сай жүргізілуін қадағалау қажет.

Шешім қабылданды:

1. АББ ұйымдастыруымен ақылы сынамалық тестілеудің өткізілуін бір ауыздан қолдап, 11- сыныптың барлық білім алушысының түгел қатысуы қадағалансын;
2. Білім және ғылым министрі К.Шәмшидинованың ұсынысына сәйкес мектеп бітіру кешінің ата-ананың қалтасына ауыртпалық түсірмей қарапайым түрде мектепте өткізілуін қолдау;
3. Білім алушылардың жазғы демалысының дұрыс ұйымдастырылуы бақылауға алынсын;
4. Білім алушыларға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралар туралы ақпараттық бұрыш шығарылсын.
5. Білім беру мекемесіне жоспарлы жөндеу жұмыстарының сапалы жасалынуын бақылау.

Кенес төрағасы:  Изтлеуов Ермек

Кенес мүшелері:  Реймов Қуандық
 Айгүл Тулеуовна
 Гәңірбергенова Бақыт
 Рақишева Жайнагүл
 Садуакасова Лаура
 Омарова Шолпан
 Уринбасаров Серик
 Есентаев Нұран

Хатшы:  Дощанова Ақзира